

"Еуразиялық экономикалық одақтың ветеринариялық дәрілік заттардың айналымы саласындағы фармацевтикалық инспекторларының бірыңғай тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2023 жылғы 30 мамырдағы № 72 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және ақпараттық өзара іс-қимыл туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 3 қосымша) 30-тармағына сәйкес және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 6 қарашадағы № 200 шешімін басшылыққа ала отырып, Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті:**

1. Қоса беріліп отырған:

"Еуразиялық экономикалық одақтың ветеринариялық дәрілік заттардың айналымы саласындағы фармацевтикалық инспекторларының бірыңғай тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл қағидалары;

"Еуразиялық экономикалық одақтың ветеринариялық дәрілік заттардың айналымы саласындағы фармацевтикалық инспекторларының бірыңғай тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссия арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті;

"Еуразиялық экономикалық одақтың ветеринариялық дәрілік заттардың айналымы саласындағы фармацевтикалық инспекторларының бірыңғай тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру үшін пайдаланылатын электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасы;

"Еуразиялық экономикалық одақтың ветеринариялық дәрілік заттардың айналымы саласындағы фармацевтикалық инспекторларының бірыңғай тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесіне қосылу тәртібі бекітілсін.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

М. Мясникович

Еуразиялық экономикалық
комиссия Алқасының
2023 жылғы 30 мамырдағы
№ 72 шешімімен
БЕКІТІЛГЕН

"Еуразиялық экономикалық одақтың ветеринариялық дәрілік заттардың айналымы саласындағы фармацевтикалық инспекторларының бірыңғай тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл ҚАҒИДАЛАРЫ

I. Жалпы ережелер

1. Осы Қағидалар Еуразиялық экономикалық одақтың (бұдан әрі – Одақ) құқығын құрайтын мынадай халықаралық шарттар мен актілерге сәйкес әзірленді:

2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарт;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағында ветеринариялық дәрілік заттар айналымын реттеу қағидалары туралы" 2022 жылғы 21 қаңтардағы № 1 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Жалпы процестерді сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінің құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимылды регламенттейтін технологиялық құжаттар туралы" 2014 жылғы 6 қарашадағы № 200 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Сыртқы және өзара сауданың интеграцияланған ақпараттық жүйесінде деректермен электрондық алмасу қағидаларын бекіту туралы" 2015 жылғы 27 қаңтардағы № 5 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестердің тізбесі және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2014 жылғы 19 тамыздағы № 132 шешіміне өзгеріс енгізу туралы" 2015 жылғы 14 сәуірдегі № 29 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестерді талдау, оңтайландыру, үйлестіру және сипаттау әдістемесі туралы" 2015 жылғы 9 маусымдағы № 63 шешімі;

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің мемлекеттік билік органдарының бір-бірімен және

Еуразиялық экономикалық комиссиямен трансшекаралық өзара іс-қимылы кезінде электрондық құжаттармен алмасу туралы ережені бекіту туралы" 2015 жылғы 28 қыркүйектегі № 125 шешімі.

II. Қолданылу саласы

2. Осы Қағидалар "Еуразиялық экономикалық одақтың ветеринариялық дәрілік заттардың айналымы саласындағы фармацевтикалық инспекторларының бірыңғай тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесі (бұдан әрі – жалпы процесс) шеңберінде орындалатын рәсімдердің сипаттамасын қоса алғанда, осы жалпы процеске қатысушылар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимылдың тәртібі мен шарттарын айқындау мақсатында әзірленді.

3. Осы Қағидаларды жалпы процеске қатысушылар жалпы процесс шеңберіндегі рәсімдер мен операцияларды орындау тәртібін бақылау кезінде, сондай-ақ жалпы процестің іске асырылуын қамтамасыз ететін ақпараттық жүйелердің құрамдастарын жобалау, әзірлеу және пысықтау кезінде қолданады.

III. Негізгі ұғымдар

4. Осы Қағидалардың мақсаты үшін "фармацевтикалық инспектор туралы мәліметтер" уәкілетті органның фармацевтикалық инспекция жүргізуге уәкілетті аттестатталған қызметкері туралы мәліметтерді білдіреді және Одақтың фармацевтикалық инспекторларының тізіліміне енгізілген.

Осы Қағидаларда пайдаланылатын "жалпы процесс рәсімдері тобы", "жалпы процестің ақпараттық объектісі", "орындаушы", "жалпы процесс операциясы", "жалпы процесс рәсімі" және "жалпы процеске қатысушы" ұғымдары Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2015 жылғы 9 маусымдағы № 63 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі жалпы процестерді талдау, оңтайландыру, үйлестіру және сипаттау әдістемесінде айқындалған мәндерде қолданылады.

IV. Жалпы процесс туралы негізгі мәліметтер

5. Жалпы процестің толық атауы: "Еуразиялық экономикалық одақтың ветеринариялық дәрілік заттардың айналымы саласындағы фармацевтикалық инспекторларының бірыңғай тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану".

6. Жалпы процестің кодпен белгіленуі: P.SS.16, 1.0.0 нұсқа.

1. Жалпы процестің мақсаты мен міндеттері

7. Жалпы процестің мақсаты ветеринариялық дәрілік заттардың айналымы саласындағы фармацевтикалық инспекторлар (бұдан әрі – фармацевтикалық инспектор

) туралы мәліметтерді бірыңғай есепке алуды және жүйелеуді қамтамасыз ету, сондай-ақ Одақтың ветеринариялық дәрілік заттардың айналымы саласындағы фармацевтикалық инспекторларының тізілімінен (бұдан әрі – фармацевтикалық инспекторлардың тізілімі) мәліметтерді адамдардың шектелмеген тобына ұсыну тетіктерін жетілдіру болып табылады.

8. Жалпы процестің мақсатына жету үшін мынадай міндеттерді шешу қажет:

а) Еуразиялық экономикалық комиссияда (бұдан әрі – Комиссия) Одаққа мүше мемлекеттердің уәкілетті органдарынан (бұдан әрі – уәкілетті органдар) алынатын мәліметтердің негізінде фармацевтикалық инспекторлардың толық және өзекті тізілімін құруды, қалыптастыруды және жүргізуді қамтамасыз ету;

б) фармацевтикалық инспекторлар тізілімінен алынған мәліметтерді сұрау салу бойынша уәкілетті органдарға ұсынуды қамтамасыз ету;

в) мүдделі тұлғаларға фармацевтикалық инспекторлар тізілімінде бар өзекті және шынайы ақпаратты алу мүмкіндігін қамтамасыз ету.

2. Жалпы процеске қатысушылар

9. Жалпы процеске қатысушылардың тізбесі 1-кестеде келтірілген.

1-кесте

Жалпы процеске қатысушылардың тізбесі

Кодпен белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.ACT.001	Комиссия	Одақтың: фармацевтикалық инспекторлар тізілімінен алынған мәліметтерді қалыптастыруды, жүргізуді және беруді, сондай-ақ фармацевтикалық инспекторлар туралы мәліметтерді Одақтың ақпараттық порталында жариялауды; Одақтың ақпараттық порталында мүдделі тұлғаларға фармацевтикалық инспекторлар тізілімінен алынған мәліметтерге қол жеткізуді ұсынуды жүзеге асыратын органы
P.SS.16.ACT.001	уәкілетті орган	мыналарды: фармацевтикалық инспекторлардың тізілімін қалыптастыру және жүргізу үшін Комиссияға мәліметтер ұсынуды;

3. Жалпы процестің құрылымы

10. Жалпы процесс дегеніміз өзінің мақсаты бойынша топтастырылған рәсімдер жиынтығын білдіреді:

а) "Фармацевтикалық инспекторлардың тізілімін қалыптастыру және жүргізу рәсімдері" рәсімдері (P.SS.16.PGR.001);


б) "Уәкілетті органдардың сұрау салуы бойынша фармацевтикалық инспекторлар тізілімінен мәліметтер алу рәсімдері" рәсімдері (P.SS.16.PGR.002).

11. Жалпы процестің рәсімдерін орындаған кезде уәкілетті органдар Комиссияға фармацевтикалық инспекторлар тізілімін қалыптастыру үшін фармацевтикалық инспекторлар туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етеді. Комиссия уәкілетті органдардан алынатын мәліметтер негізінде фармацевтикалық инспекторлар тізілімін қалыптастыруды және жүргізуді және Одақтың ақпараттық порталында фармацевтикалық инспекторлар туралы өзекті мәліметтерді жариялауды жүзеге асырады, сондай-ақ уәкілетті органдардың сұрау салуы бойынша фармацевтикалық инспекторлар тізілімінен фармацевтикалық инспекторлар туралы мәліметтерді ұсынады. Фармацевтикалық инспекторлар тізілімін қалыптастыру кезінде фармацевтикалық инспекторлар тізілімін қалыптастыру және жүргізу рәсімдерінің тобына енгізілген жалпы процестің мынадай рәсімдері орындалады:

бірыңғай дерекқорда бар мәліметтерді алу (P. SS.16.PGR.001);

уәкілетті органдардың сұрау салуы бойынша фармацевтикалық инспекторлар тізілімінен мәліметтер алу (P. SS.16.PGR.002).

12. Жалпы процесс құрылымының келтірілген сипаттамасы 1-суретте берілген.



1-сурет. Жалпы процестің құрылымы

13. Жалпы процестің мақсаты бойынша топтастырылған рәсімдерін орындау тәртібі , операциялардың егжей-тегжейлі сипаттамасын қоса алғанда, осы Қағидалардың VIII бөлімінде келтірілген.

14. Рәсімдердің әрбір тобы үшін жалпы схема келтіріледі, ол жалпы процестің рәсімдері арасындағы байланысты және рәсімдерді орындау тәртібін көрсетеді. Рәсімдердің жалпы схемасы UML (біріздендірілген модельдеу тілі – Unified Modeling Language) графикалық нотация пайдаланып жасалған және оның мәтіндік сипаттамасы бар.

4. "Фармацевтикалық инспекторлар тізілімін қалыптастыру және жүргізу рәсімдері" рәсімдер тобы (P.SS.16.PGR.001)

15. Фармацевтикалық инспекторлардың тізілімін қалыптастыру және жүргізу рәсімдерін орындаған кезде уәкілетті орган аттестаттаудан (қайта аттестаттаудан) өткен және фармацевтикалық инспекторлар мәртебесін алған фармацевтикалық инспекторлар туралы мәліметтерді қалыптастырады және фармацевтикалық инспекторлар тізілімінен алынған мәліметтерді енгізу, өзгерту немесе алып тастау үшін Комиссияға ұсынады. Көрсетілген мәліметтерді ұсыну Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2023 жылғы 30 мамырдағы № 72 шешімімен бекітілген " Еуразиялық экономикалық одақтың ветеринариялық дәрілік заттар айналымы саласындағы фармацевтикалық инспекторларының бірыңғай тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одаққа мүше

мемлекеттердің уәкілетті органдары мен Еуразиялық экономикалық комиссияның Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесі құралдарымен іске асыру кезіндегі ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне (бұдан әрі – уәкілетті органдар мен Комиссия арасындағы Ақпараттық өзара іс-қимыл регламенті) сәйкес жүзеге асырылады.

Ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2023 жылғы 30 мамырдағы № 72 шешімімен бекітілген "Еуразиялық экономикалық одақтың ветеринариялық дәрілік заттар айналымы саласындағы фармацевтикалық инспекторларының бірыңғай тізілімін қалыптастыру, жүргізу және пайдалану" жалпы процесін Еуразиялық экономикалық одақтың интеграцияланған ақпараттық жүйесі құралдарымен іске асыру үшін пайдаланылатын Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына (бұдан әрі – Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасы) сәйкес келуге тиіс.

Фармацевтикалық инспекторға тиісті мәртебе беру туралы шешім қабылдаған кезде "Фармацевтикалық инспекторлар тізіліміне мәліметтерді енгізу" рәсімі орындалады (P. SS.16.PRC.001).

Уәкілетті орган фармацевтикалық инспектор туралы мәліметтерді түзету туралы шешім қабылдаған жағдайда, оның ішінде аттестаттау (қайта аттестаттау) нәтижелері бойынша мәліметтер өзгерген және фармацевтикалық инспектор мәртебесі өзгерген кезде "Фармацевтикалық инспекторлар тізіліміндегі мәліметтерді өзгерту" рәсімі (P. SS.16.PRC.002) орындалады.

Фармацевтикалық инспектор мәртебесін беруден бас тартқан немесе берілген фармацевтикалық инспектор мәртебесін сақтаудан бас тартқан жағдайда "Фармацевтикалық инспекторлар тізілімінен алынған мәліметтерді алып тастау" рәсімі (P. SS.16.PRC.003) орындалады.

16. "Фармацевтикалық инспекторлар тізілімін қалыптастыру және жүргізу рәсімдері" рәсімдер (P. SS.16.PGR.001) тобының келтірілген сипаттамасы 2-суретте берілген.



2-сурет. "Фармацевтикалық инспекторлар тізілімін қалыптастыру және жүргізу рәсімдері" рәсімдері (P.SS.16.PGR.001) тобының жалпы схемасы

17. "Фармацевтикалық инспекторлар тізілімін қалыптастыру және жүргізу рәсімдері" рәсімдер (P. SS.16.PGR.001) тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі 2-кестеде берілген.

2-кесте

"Фармацевтикалық инспекторлар тізілімін қалыптастыру және жүргізу рәсімдері" рәсімдер тобына кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі (P.SS.16.PGR.001)

Кодпен белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.SS.16.PRC.001	фармацевтикалық инспекторлар тізіліміне мәліметтерді енгізу	рәсім уәкілетті орган Комиссияға фармацевтикалық инспектор мәртебесі берілген фармацевтикалық инспектор туралы мәліметтерді фармацевтикалық инспекторлар тізіліміне мәліметтерді енгізу және оларды Одақтың ақпараттық порталында жариялау үшін ұсынуға арналған

P.SS.16.PRC.002	фармацевтикалық инспекторлар тізіліміндегі мәліметтерді өзгерту	рәсім уәкілетті органның Комиссияға фармацевтикалық инспекторлар тізіліміндегі мәліметтерді жаңарту және жаңартылған мәліметтерді Одақтың ақпараттық порталында жариялау үшін фармацевтикалық инспектор туралы өзгертілген мәліметтерді ұсынуына арналған
P.SS.16.PRC.003	фармацевтикалық инспекторлар тізілімінен мәліметтерді алып тастау	рәсім уәкілетті органның Комиссияға фармацевтикалық инспекторды оның қызметі тоқтатылған кезде фармацевтикалық инспекторлар тізілімінен алып тастау туралы мәліметтерді ұсынуына және жаңартылған мәліметтерді Одақтың ақпараттық порталында жариялауына арналған

5. "Уәкілетті органдардың сұрау салуы бойынша фармацевтикалық инспекторлар тізілімінен мәліметтер алу рәсімдері" рәсімдер тобы (P.SS.16.PGR.002)

18. Уәкілетті органдардың сұрау салуы бойынша фармацевтикалық инспекторлар тізілімінен мәліметтерді алу рәсімдері Комиссия уәкілетті органдардан тиісті сұрау салуды алған кезде орындалады.

Көрсетілген мәліметтерді ұсыну уәкілетті органдар мен Комиссия арасындағы Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес жүзеге асырылады. Ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс.

Фармацевтикалық инспекторлар тізілімінен мәліметтерді алу рәсімдерін орындау шеңберінде уәкілетті органдардың сұрау салуы бойынша уәкілетті органдардан келіп түсетін сұрау салулардың мынадай түрлері өңделеді:

фармацевтикалық инспекторлар тізілімін жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратты сұрау;

фармацевтикалық инспекторлар тізілімінен мәліметтерді сұрау;

фармацевтикалық инспекторлар тізілімінен өзгертілген мәліметтерді сұрау.


Фармацевтикалық инспекторлар тізілімін жаңарту күні мен уақыты туралы ақпаратты сұрауды уәкілетті органда сақталатын фармацевтикалық инспекторлар туралы мәліметтерді Комиссияда сақталатын фармацевтикалық инспекторлар тізілімінде бар мәліметтермен синхрондау қажеттілігін бағалау мақсатында уәкілетті орган орындайды.

Фармацевтикалық инспекторлар тізілімін жаңарту күні мен уақыты туралы ақпарат беруге сұрау салу жүзеге асырған кезде "Фармацевтикалық инспекторлар тізілімін жаңарту күні мен уақыты туралы ақпарат алу" рәсімі (P. SS.16.PRC.004) орындалады.

Фармацевтикалық инспекторлар тізілімінен алынған мәліметтерді сұрауды уәкілетті орган фармацевтикалық инспекторлар тізіліміне енгізілген фармацевтикалық инспектор туралы барлық мәліметтерді алу мақсатында орындайды. Фармацевтикалық инспекторлар тізіліміндегі мәліметтер не толық көлемде, не белгілі бір күн мен уақыттағы жағдай бойынша сұратылады. Фармацевтикалық инспекторлар туралы мәліметтерді сұрауды жүзеге асырған кезде "Фармацевтикалық инспекторлар тізілімінен алынған мәліметтерді ұсыну" рәсімі (P. SS.16.PRC.005) орындалады.

Фармацевтикалық инспекторлар тізілімінен өзгертілген мәліметтерді сұратқан кезде фармацевтикалық инспекторлар тізіліміне қосылған немесе сұрау салуда көрсетілген кезден бастап осы сұрау салу орындалған кезге дейін өзгерістер енгізілген мәліметтер беріледі. Фармацевтикалық инспекторлар тізілімінен өзгертілген мәліметтерді сұрауды жүзеге асырған кезде "Фармацевтикалық инспекторлар тізілімінен өзгертілген мәліметтерді алу" рәсімі (P. SS.16.PRC.006) орындалады.

19. "Уәкілетті органдардың сұрау салуы бойынша фармацевтикалық инспекторлар тізілімінен мәліметтер алу рәсімдері" рәсімдер тобының (P. SS.16.PGR.002) келтірілген сипаттамасы 3-суретте берілген.



3-сурет. "Уәкілетті органдардың сұрау салуы бойынша фармацевтикалық инспекторлар тізілімінен мәліметтер алу рәсімдері" рәсімдер тобының (P.SS.16.PGR.002) жалпы схемасы

20. "Уәкілетті органдардың сұрау салуы бойынша фармацевтикалық инспекторлар тізілімінен мәліметтер алу рәсімдері" рәсімдер тобына (P. SS.16.PGR.002) кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі 3-кестеде келтірілген.

3-кесте

"Уәкілетті органдардың сұрау салуы бойынша фармацевтикалық инспекторлар тізілімінен мәліметтер алу рәсімдері" рәсімдер тобына (P.SS.16.PGR.002) кіретін жалпы процесс рәсімдерінің тізбесі

Кодпен белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.SS.16.PRC.004	фармацевтикалық инспекторлар тізілімін жаңарту күні мен уақыты туралы ақпарат алу	рәсім уәкілетті органның уәкілетті органда сақталатын фармацевтикалық инспекторлар туралы мәліметтерді фармацевтикалық инспекторлар тізілімінде бар мәліметтермен синхрондау қажеттілігін бағалауға арналған
P.SS.16.PRC.005	фармацевтикалық инспекторлар тізілімінен мәліметтер алу	рәсім фармацевтикалық инспекторлар тізілімінен мәліметтер алуға арналған
P.SS.16.PRC.006	фармацевтикалық инспекторлар тізілімінен өзгертілген мәліметтерді алу	рәсім уәкілетті органда сақталатын фармацевтикалық инспекторлар туралы мәліметтерді фармацевтикалық инспекторлар тізілімінде бар мәліметтермен синхрондауға арналған

V. Жалпы процестің ақпараттық объектілері

21. Жалпы процеске қатысушылар арасындағы ақпараттық өзара іс-қимыл процесінде олар туралы немесе олардан мәліметтер берілетін ақпараттық объектілердің тізбесі 4-кестеде келтірілген.

4-кесте

Ақпараттық объектілердің тізбесі

Кодпен белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.SS.16.BEN.001	фармацевтикалық инспектор туралы мәліметтер	фармацевтикалық инспекторлар тізілімін қалыптастыру және жүргізу үшін Комиссияға ұсынылатын фармацевтикалық инспектор туралы мәліметтер

VI. Жалпы процеске қатысушылардың жауапкершілігі

22. Мәліметтердің уақтылы және толық берілуін қамтамасыз етуге бағытталған талаптарды сақтамағаны үшін Комиссияның ақпараттық өзара іс-қимылға қатысатын лауазымды тұлғалары мен қызметкерлерін тәртіптік жауапқа тарту 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа, Одақтың құқығын құрайтын өзге де халықаралық шарттар мен актілерге сәйкес, ал уәкілетті органдардың лауазымды адамдары мен қызметкерлерін тәртіптік жауапқа тарту мүше мемлекеттердің заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

VII. Жалпы процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштары

23. Жалпы процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштарының тізбесі 5-кестеде келтірілген.

5-кесте

Жалпы процестің анықтамалықтары мен сыныптауыштарының тізбесі


Кодпен белгіленуі	Атауы	Типі	Сипаттамасы
1	2	3	4
P.CLS.019	әлем елдерінің сыныптауышы	сыныптауыш	ISO 3166-1 стандартына сәйкес елдердің атаулары мен олардың кодтарының тізбесін қамтиды
P.CLS.054	ұйымдық-құқықтық нысандар сыныптауышы	сыныптауыш	ұйымдық-құқықтық нысандардың кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды
P.CLS.068	шаруашылық жүргізуші субъектілерді сәйкестендіру әдістерінің анықтамалығы	анықтамалық	шаруашылық жүргізуші субъектілерді сәйкестендіру әдістерінің кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды
P.CLS.089	жоғары кәсіптік білімнің біліктілік дәрежелерінің сыныптауышы	сыныптауыш	жоғары кәсіптік білімнің біліктілік дәрежелерінің кодтары мен атауларының тізбесін қамтиды
P.CLS.091	білімі бойынша мамандықтар сыныптауышы	сыныптауыш	білім бойынша мамандықтар тізбесін қамтиды
P.CLS.093	ғылыми дәрежелердің сыныптауышы	сыныптауыш	ғылыми дәрежелер тізбесін қамтиды

VIII. Жалпы процесс рәсімдері

1. "Фармацевтикалық инспекторлар тізілімін қалыптастыру және жүргізу рәсімдері" рәсімдері (P.SS.16.PGR.001)

"Фармацевтикалық инспекторлар тізіліміне мәліметтерді енгізу" рәсімі (P.SS.16.PRC.001)

24. "Фармацевтикалық инспекторлар тізіліміне мәліметтерді енгізу" рәсімін орындау схемасы (P.SS.16.PRC.001) 4-суретте берілген.



4-сурет. "Фармацевтикалық инспекторлар тізіліміне мәліметтерді енгізу" рәсімін орындау схемасы (P.SS.16.PRC.001)

25. "Фармацевтикалық инспекторлар тізіліміне мәліметтерді енгізу" рәсімі (P. SS.16. PRC.001) аттестатталушыға фармацевтикалық инспектор мәртебесін беру кезінде орындалады.

26. Бірінші "Фармацевтикалық инспекторлар тізіліміне енгізу үшін мәліметтерді ұсыну" операциясы (P. SS.16.OPR.001) орындалады, оны орындау нәтижесінде

уәкілетті орган фармацевтикалық инспекторлар тізіліміне енгізу үшін фармацевтикалық инспектор туралы мәліметтерді қалыптастырады және Комиссияға жібереді.

27. Комиссия фармацевтикалық инспекторлар тізіліміне енгізу үшін фармацевтикалық инспектор туралы мәліметтерді алған кезде "Фармацевтикалық инспекторлар тізіліміне енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" операциясы (P. SS.16.OPR.002) орындалады, оны орындау нәтижесінде фармацевтикалық инспекторлар тізіліміне фармацевтикалық инспектор туралы мәліметтер енгізіледі және уәкілетті органға фармацевтикалық инспектор туралы мәліметтерді енгізу туралы хабарлама жіберіледі.

28. Уәкілетті орган фармацевтикалық инспектор туралы мәліметтерді фармацевтикалық инспекторлар тізіліміне енгізу туралы хабарлама алған кезде "Фармацевтикалық инспекторлар тізіліміне мәліметтерді енгізу нәтижесі туралы хабарлама алу" операциясы орындалады (P. SS.16.OPR.003), оны орындау нәтижесінде фармацевтикалық инспектор туралы мәліметтерді фармацевтикалық инспекторлар тізіліміне енгізу туралы хабарламаны қабылдау және өңдеу жүзеге асырылады.

29. "Фармацевтикалық инспекторлар тізіліміне енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" операциясы (P. SS.16.OPR.002) орындалған жағдайда, "Фармацевтикалық инспекторлар тізіліміне енгізілген мәліметтерді жариялау" операциясы (P. SS.16.OPR.004) орындалады, оны орындау нәтижесінде Комиссия фармацевтикалық инспекторлар тізілімінің жаңартылған және жалпыға қолжетімді мәліметтерін Одақтың ақпараттық порталында жариялауды қамтамасыз етеді.

30. "Фармацевтикалық инспекторлар тізіліміне мәліметтерді қосу" рәсімін (P. SS.16.PRC.001) орындау нәтижесі фармацевтикалық инспектор туралы мәліметтерді фармацевтикалық инспекторлар тізіліміне енгізу және жаңартылған мәліметтерді Одақтың ақпараттық порталында жариялау болып табылады.

31. "Фармацевтикалық инспекторлар тізіліміне мәліметтерді енгізу" рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі (P. SS.16.PRC.001) 6-кестеде келтірілген.

6-кесте

"Фармацевтикалық инспекторлар тізіліміне мәліметтерді енгізу" рәсімі шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі (P.SS.16.PRC.001)

Кодпен белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.SS.16.OPR.001	фармацевтикалық инспекторлар тізіліміне енгізу үшін мәліметтерді ұсыну	осы Қағидалардың 7-кестесінде келтірілген

P.SS.16.OPR.002	фармацевтикалық инспекторлар тізіліміне енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу	осы Қағидалардың 8-кестесінде келтірілген
P.SS.16.OPR.003	фармацевтикалық инспекторлар тізіліміне мәліметтерді енгізу нәтижесі туралы хабарлама алу	осы Қағидалардың 9-кестесінде келтірілген
P.SS.16.OPR.004	фармацевтикалық инспекторлар тізіліміне енгізілген мәліметтерді жариялау	осы Қағидалардың 10-кестесінде келтірілген

7-кесте

"Фармацевтикалық инспекторлар тізіліміне енгізу үшін мәліметтерді ұсыну" операциясының сипаттамасы (P.SS.16.OPR.001)

P/c№	Элементтің белгіленуі	Саипаттамасы
1	2	3
1	Кодпен белгіленуі	P.SS.16.OPR.001
2	Операцияның атауы	фармацевтикалық инспекторлар тізіліміне енгізу үшін мәліметтерді ұсыну
3	Орындаушы	уәкілетті орган
4	Орындау шарттары	фармацевтикалық инспектор мәртебесін беру кезінде орындалады
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы уәкілетті органдар мен Комиссия арасындағы Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес фармацевтикалық инспекторлар тізіліміне енгізу үшін фармацевтикалық инспектор туралы мәліметтерді қалыптастырады және Комиссияға жібереді
7	Нәтижелері	фармацевтикалық инспекторлар тізіліміне енгізу үшін фармацевтикалық инспектор туралы мәліметтер ұсынылды

8-кесте

"Фармацевтикалық инспекторлар тізіліміне енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" операциясының (P.SS.16.OPR.002) сипаттамасы

P/c№	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодпен белгіленуі	P.SS.16.OPR.002
2	Операцияның атауы	фармацевтикалық инспекторлар тізіліміне енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу
3	Орындаушы	Комиссия
4	Орындау шарттары	орындаушы фармацевтикалық инспектор туралы мәліметтерді алған кезде орындалады ("Фармацевтикалық инспекторлар тізіліміне енгізу үшін мәліметтерді ұсыну" (P. SS.16.OPR.001) операциясы)
5	Шектеулер	ұсынылатын ақпараттың форматы мен құрылымы Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс. Хабар және электрондық құжат (мәліметтер) уәкілетті органдар мен Комиссия арасындағы Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентінде көзделген электрондық құжаттың (мәліметтердің) деректемелерін толтыруға қойылатын талаптарға сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы фармацевтикалық инспектор туралы мәліметтерді қабылдайды және оларды уәкілетті органдар мен Комиссия арасындағы Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес тексереді. Тексеруді сәтті орындаған жағдайда орындаушы фармацевтикалық инспектор туралы мәліметтерді фармацевтикалық инспекторлар тізіліміне енгізуді жүзеге асырады , мәліметтерді жаңарту күні мен уақытын толтырады және уәкілетті органға уәкілетті органдар мен Комиссия арасындағы Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес мәліметтерді қосуға сәйкес өңдеу

		нәтижесі кодының мәні бар фармацевтикалық инспектор туралы мәліметтерді енгізу туралы хабарлама жібереді
7	Нәтижелері	фармацевтикалық инспектор туралы мәліметтер фармацевтикалық инспекторлар тізіліміне енгізілген; фармацевтикалық инспектор туралы мәліметтерді фармацевтикалық инспекторлар тізіліміне енгізу туралы хабарлама уәкілетті органға жіберілді

9-кесте

"Фармацевтикалық инспекторлар тізіліміне мәліметтерді енгізу нәтижесі туралы хабарлама алу" операциясының (P.SS.16.OPR.003) сипаттамасы

Р/с№	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодпен белгіленуі	P.SS.16.OPR.003
2	Операцияның атауы	фармацевтикалық инспекторлар тізіліміне мәліметтерді енгізу нәтижесі туралы хабарлама алу
3	Орындаушы	уәкілетті орган
4	Орындау шарттары	орындаушы фармацевтикалық инспектор туралы мәліметтерді енгізу туралы хабарлама алған кезде орындалады (" Фармацевтикалық инспекторлар тізіліміне енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу " (P. SS.16.OPR.002) операциясы)
5	Шектеулер	хабардың форматы мен құрылымы Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы фармацевтикалық инспектор туралы мәліметтерді енгізу туралы хабарламаны қабылдауды және өңдеуді уәкілетті органдар мен Комиссия арасындағы Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес жүзеге асырады
7	Нәтижелері	фармацевтикалық инспектор туралы мәліметтерді фармацевтикалық инспекторлар

		тізіліміне енгізу туралы хабарлама өңделді
--	--	---


10-кесте

**"Фармацевтикалық инспекторлар тізіліміне енгізілген мәліметтерді жариялау"
операциясының (P.SS.16.OPR.004) сипаттамасы**

P/c №	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодпен белгіленуі	P.SS.16.OPR.004
2	Операцияның атауы	фармацевтикалық инспекторлар тізіліміне енгізілген мәліметтерді жариялау
3	Орындаушы	Комиссия
4	Орындау шарттары	фармацевтикалық инспектор туралы мәліметтер фармацевтикалық инспекторлар тізіліміне енгізілген кезде орындалады ("Фармацевтикалық инспекторлар тізіліміне енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P. SS.16.OPR.002) операциясы)
5	Шектеулер	жариялануға жатпайтын және уәкілетті органдар және (немесе) сараптама мекемелері, сондай-ақ Комиссия үшін ғана қол жетімді мәліметтерді қоспағанда, фармацевтикалық инспекторлар тізілімінің мәліметтері жариялануға жатады
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы фармацевтикалық инспекторлар тізілімінен жаңартылған мәліметтерді Одақтың ақпараттық порталында жариялауды қамтамасыз етеді
7	Нәтижелері	фармацевтикалық инспекторлар тізілімінен алынған мәліметтер Одақтың ақпараттық порталында жарияланды

**"Фармацевтикалық инспекторлар тізіліміндегі мәліметтерді өзгерту" рәсімі (P.SS.16.PRC
.002)**

32. "Фармацевтикалық инспекторлар тізіліміндегі мәліметтерді өзгерту" рәсімін
орындау схемасы (P. SS.16.PRC.002) 5-суретте берілген.



5-сурет. "Фармацевтикалық инспекторлар тізіліміндегі мәліметтерді өзгерту" рәсімін (P.SS.16.PRC.002) орындау схемасы

33. "Фармацевтикалық инспекторлар тізіліміндегі мәліметтерді өзгерту" рәсімі (P. SS.16.PRC.002) фармацевтикалық инспекторлар тізіліміне енгізілген фармацевтикалық инспектор туралы мәліметтерді түзету қажет болған кезде орындалады.

34. Бірінші "Фармацевтикалық инспекторлар тізіліміне өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді ұсыну" операциясы (P. SS.16.OPR.005) орындалады, оны орындау нәтижесінде уәкілетті орган фармацевтикалық инспекторлар тізілімінде өзгерту үшін фармацевтикалық инспектор туралы өзгертілген мәліметтерді қалыптастырады және Комиссияға жібереді.

35. Комиссияға фармацевтикалық инспектор туралы өзгертілген мәліметтер келіп түскен кезде "Фармацевтикалық инспекторлар тізіліміне өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" операциясы (P. SS.16.OPR.006) орындалады, оны орындау нәтижесінде Комиссия көрсетілген мәліметтерді алады, фармацевтикалық инспекторлар тізіліміндегі мәліметтерді өзгертуді жүзеге асырады және уәкілетті органға фармацевтикалық инспектор туралы мәліметтерді өзгерту туралы хабарлама жібереді.

36. Уәкілетті органға фармацевтикалық инспектор туралы мәліметтердің өзгергендігі туралы хабарлама келіп түскен кезде "Фармацевтикалық инспекторлар тізіліміндегі мәліметтерді өзгерту нәтижесі туралы хабарлама алу" операциясы (P. SS.16.OPR.007) орындалады, оны орындау процесінде көрсетілген хабарламаны қабылдау және өңдеу жүзеге асырылады.

37. "Фармацевтикалық инспекторлар тізіліміне өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" операциясы (P. SS.16.OPR.006) орындалған жағдайда "Фармацевтикалық инспекторлар тізілімінде өзгертілген мәліметтерді жариялау" операциясы (P. SS.16.OPR.008) орындалады, оны орындау нәтижесінде Комиссия фармацевтикалық инспекторлар тізілімінің жаңартылған мәліметтерін Одақтың ақпараттық порталында жариялауды қамтамасыз етеді.

38. "Фармацевтикалық инспекторлар тізіліміндегі мәліметтерді өзгерту" рәсімін (P. SS.16.PRC.002) орындау нәтижесі фармацевтикалық инспекторлар тізіліміндегі фармацевтикалық инспектор туралы мәліметтерді өзгерту және жаңартылған мәліметтерді Одақтың ақпараттық порталында жариялау болып табылады.

39. "Фармацевтикалық инспекторлар тізіліміндегі мәліметтерді өзгерту" рәсімі (P. SS.16.PRC.002) шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі 11-кестеде келтірілген.

11-кесте

"Фармацевтикалық инспекторлар тізіліміндегі мәліметтерді өзгерту" рәсімі (P.SS.16.PRC.002) шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі

Кодпен белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.SS.16.OPR.005	фармацевтикалық инспекторлар тізіліміне өзгерістер енгізу үшін мәліметтер ұсыну	осы Қағидалардың 12-кестесінде келтірілген
P.SS.16.OPR.006	фармацевтикалық инспекторлар тізіліміне өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу	осы Қағидалардың 13-кестесінде келтірілген
P.SS.16.OPR.007	фармацевтикалық инспекторлар тізіліміндегі мәліметтерді өзгерту нәтижесі туралы хабарлама алу	осы Қағидалардың 14-кестесінде келтірілген
P.SS.16.OPR.008	фармацевтикалық инспекторлар тізілімінде өзгертілген мәліметтерді жариялау	осы Қағидалардың 15-кестесінде келтірілген

12-кесте

"Фармацевтикалық инспекторлар тізіліміне өзгерістер енгізу үшін мәліметтер ұсыну" операциясының (P.SS.16.OPR.005) сипаттамасы

Р/с№	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодпен белгіленуі	P.SS.16.OPR.005
2	Операцияның атауы	фармацевтикалық инспекторлар тізіліміне өзгерістер енгізу үшін мәліметтер ұсыну
3	Орындаушы	уәкілетті орган
4	Орындау шарттары	уәкілетті органның фармацевтикалық инспектор туралы мәліметтерді өзгертуі
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы уәкілетті органдар мен Комиссия арасындағы Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес фармацевтикалық инспекторлар тізіліміне өзгерістер енгізу үшін фармацевтикалық инспектор туралы мәліметтерді қалыптастырады және Комиссияға жібереді
7	Нәтижелері	фармацевтикалық инспекторлар тізілімінде өзгерту үшін фармацевтикалық инспектор туралы мәліметтер ұсынылды

13-кесте

"Фармацевтикалық инспекторлар тізіліміне өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" операциясының (P.SS.16.OPR.006) сипаттамасы

Р/с№	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодпен белгіленуі	P.SS.16.OPR.006
2	Операцияның атауы	фармацевтикалық инспекторлар тізіліміне өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу
3	Орындаушы	Комиссия
4	Орындау шарттары	орындаушы фармацевтикалық инспектор туралы мәліметтерді алған кезде орындалады ("Фармацевтикалық инспекторлар

		тізіліміне өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді ұсыну" (Р. SS.16. OPR.005) операциясы)
5	Шектеулер	ұсынылатын ақпараттың форматы мен құрылымы Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс. Хабар және электрондық құжат (мәлімет) уәкілетті органдар мен Комиссия арасындағы Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентінде көзделген электрондық құжаттың (мәліметтердің) деректемелерін толтыруға қойылатын талаптарға сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы мәліметтерді қабылдайды және оларды уәкілетті органдар мен Комиссия арасындағы Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес тексереді. Тексеруді сәтті орындаған жағдайда орындаушы өзгертілетін мәліметтерді қолдану аяқталатын күн мен уақытты алынған өзгертілген мәліметтерді қолдану басталатын күн мен уақыттың мәнімен толтырады. Орындаушы алынған мәліметтерді фармацевтикалық инспекторлар тізіліміне енгізеді, олардың жаңартылған күні мен уақытын толтырады, уәкілетті органдар мен Комиссия арасындағы Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес мәліметтердің өзгеруіне сәйкес келетін өңдеу нәтижесі кодының мәні бар фармацевтикалық инспекторлар тізіліміндегі мәліметтердің өзгеру нәтижесі туралы хабарламаны қалыптастырады және уәкілетті органға жібереді
7	Нәтижелері	фармацевтикалық инспекторлар тізіліміндегі фармацевтикалық инспектор туралы мәліметтер өзгертілді; фармацевтикалық инспектор туралы мәліметтерді өзгерту нәтижесі туралы хабарлама уәкілетті органға жіберілді

"Фармацевтикалық инспекторлар тізіліміндегі мәліметтерді өзгерту нәтижесі туралы хабарлама алу" операциясының (P.SS.16.OPR.007) сипаттамасы

P/c№	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодпен белгіленуі	P.SS.16.OPR.007
2	Операцияның атауы	фармацевтикалық инспекторлар тізіліміндегі мәліметтерді өзгерту нәтижесі туралы хабарлама алу
3	Орындаушы	уәкілетті орган
4	Орындау шарттары	орындаушы фармацевтикалық инспектор туралы мәліметтерді өзгерту нәтижесі туралы хабарлама алған кезде орындалады ("Фармацевтикалық инспекторлар тізіліміне өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.SS.16.OPR.006) операциясы)
5	Шектеулер	хабардың форматы мен құрылымы Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы уәкілетті органдар мен Комиссия арасындағы Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес фармацевтикалық инспектор туралы мәліметтерді өзгерту нәтижесі туралы хабарламаны қабылдауды және өңдеуді жүзеге асырады
7	Нәтижелері	фармацевтикалық инспектор туралы мәліметтерді өзгерту нәтижесі туралы хабарлама өңделді

15-кесте


"Фармацевтикалық инспекторлар тізілімінде өзгертілген мәліметтерді жариялау" операциясының (P.SS.16.OPR.008) сипаттамасы

P/c№	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодпен белгіленуі	P.SS.16.OPR.008

2	Операцияның атауы	фармацевтикалық инспекторлар тізілімінде өзгертілген мәліметтерді жариялау
3	Орындаушы	Комиссия
4	Орындау шарттары	фармацевтикалық инспекторлар тізілімінде фармацевтикалық инспектор туралы мәліметтер өзгерген кезде орындалады ("Фармацевтикалық инспекторлар тізіліміне өзгерістер енгізу үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.SS.16.OPR.006) операциясы)
5	Шектеулер	жариялануға жатпайтын және уәкілетті органдар және (немесе) сараптама мекемелері, сондай-ақ Комиссия үшін ғана қолжетімді мәліметтерді қоспағанда, фармацевтикалық инспекторлар тізілімінің өзгертілген мәліметтері жариялануға жатады
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы фармацевтикалық инспекторлар тізілімінің өзгертілген мәліметтерін Одақтың ақпараттық порталында жариялауды қамтамасыз етеді
7	Нәтижелері	фармацевтикалық инспекторлар тізілімінің жаңартылған мәліметтері Одақтың ақпараттық порталында жарияланды

"Фармацевтикалық инспекторлар тізілімінен мәліметтерді алып тастау" рәсімі (P.SS.16.PRC.003)

40. "Фармацевтикалық инспекторлар тізілімінен мәліметтерді алып тастау" рәсімін (P. SS.16.PRC.003) орындау схемасы 6-суретте берілген.



6-сурет. "Фармацевтикалық инспекторлар тізілімінен мәліметтерді алып тастау" рәсімін (P.SS.16.PRC.003) орындау схемасы

41. "Фармацевтикалық инспекторлар тізілімінен мәліметтерді алып тастау" рәсімі (P . SS.16.PRC.003) фармацевтикалық инспектор туралы мәліметтерді оның қызметі тоқтатылған жағдайда фармацевтикалық инспекторлар тізілімінен алып тастау қажет болған кезде орындалады.

42. Бірінші "Фармацевтикалық инспекторлар тізілімінен алып тастау үшін мәліметтерді ұсыну" операциясы (P. SS.16.OPR.009) орындалады, оны орындау нәтижесінде уәкілетті орган фармацевтикалық инспекторлар тізілімінен алып тастау үшін фармацевтикалық инспектор туралы мәліметтерді қалыптастырады және Комиссияға жібереді.

43. Фармацевтикалық инспекторлар тізілімінен алып тастау үшін фармацевтикалық инспектор туралы мәліметтер Комиссияға келіп түскен кезде "Фармацевтикалық инспекторлар тізілімінен алып тастау үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" операциясы (P. SS.16.OPR.010) орындалады, оны орындау нәтижесінде Комиссия көрсетілген мәліметтерді алады, фармацевтикалық инспекторлар тізілімінен мәліметтерді алып тастауды жүзеге асырады және уәкілетті органға фармацевтикалық инспектор туралы мәліметтерді алып тастау нәтижесі туралы хабарлама жібереді.

44. Уәкілетті органға фармацевтикалық инспектор туралы мәліметтерді фармацевтикалық инспекторлар тізілімінен алып тастау нәтижесі туралы хабарлама келіп түскен кезде "Фармацевтикалық инспекторлар тізілімінен мәліметтерді алып тастау нәтижесі туралы хабарлама алу" операциясы (P. SS.16.OPR.011) орындалады, орындау процесінде көрсетілген хабарламаны қабылдау және өңдеу жүзеге асырылады.

45. "Фармацевтикалық инспекторлар тізілімінен алып тастау үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" операциясы (P. SS.16.OPR.010) орындалған жағдайда "Фармацевтикалық инспекторлар тізілімінің жаңартылған мәліметтерін жариялау" операциясы (P. SS.16.OPR.012) орындалады, оны орындау нәтижесінде Комиссия фармацевтикалық инспекторлар тізілімінен жаңартылған мәліметтерді Одақтың ақпараттық порталында жариялауды қамтамасыз етеді.

46. "Фармацевтикалық инспекторлар тізілімінен мәліметтерді алып тастау" рәсімін (P. SS.16.PRC.003) орындау нәтижесі фармацевтикалық инспектор туралы мәліметтерді фармацевтикалық инспекторлар тізілімінен алып тастау және жаңартылған мәліметтерді Одақтың ақпараттық порталында жариялау болып табылады.

47. "Фармацевтикалық инспекторлар тізілімінен мәліметтерді алып тастау" рәсімі (P. SS.16.PRC.003) шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі 16-кестеде келтірілген.

16-кесте

"Фармацевтикалық инспекторлар тізілімінен мәліметтерді алып тастау" рәсімі (P.SS.16.PRC.003) шеңберінде орындалатын жалпы процесс операцияларының тізбесі

Кодпен белгіленуі	Атауы	Сипаттамасы
1	2	3
P.SS.16.OPR.009	фармацевтикалық инспекторлар тізілімінен алып тастау үшін мәліметтерді ұсыну	осы Қағидалардың 17-кестесінде келтірілген
P.SS.16.OPR.010	фармацевтикалық инспекторлар тізілімінен алып тастау үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу	осы Қағидалардың 18-кестесінде келтірілген
P.SS.16.OPR.011	фармацевтикалық инспекторлар тізілімінен мәліметтерді алып тастау нәтижесі туралы хабарлама алу	осы Қағидалардың 19-кестесінде келтірілген
P.SS.16.OPR.012	фармацевтикалық инспекторлар тізілімінің жаңартылған мәліметтерін жариялау	осы Қағидалардың 20-кестесінде келтірілген

17-кесте

"Фармацевтикалық инспекторлар тізілімінен алып тастау үшін мәліметтерді ұсыну" операциясының (P.SS.16.OPR.009) сипаттамасы

P/c№	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодпен белгіленуі	P.SS.16.OPR.009
2	Операцияның атауы	фармацевтикалық инспекторлар тізілімінен алып тастау үшін мәліметтерді ұсыну
3	Орындаушы	уәкілетті орган
4	Орындау шарттары	фармацевтикалық инспектор туралы мәліметтерді фармацевтикалық инспекторлар тізілімінен алып тастау қажет болған кезде орындалады
5	Шектеулер	ұсынылатын мәліметтердің форматы мен құрылымы Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы уәкілетті органдар мен Комиссия арасындағы Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес фармацевтикалық инспекторлар тізілімінен алып тастау үшін фармацевтикалық инспектор туралы мәліметтерді қалыптастырады және Комиссияға жібереді
7	Нәтижелері	фармацевтикалық инспекторлар тізілімінен алып тастау үшін фармацевтикалық инспектор туралы мәліметтер ұсынылды

18-кесте

"Фармацевтикалық инспекторлар тізілімінен алып тастау үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" операциясының (P.SS.16.OPR.010) сипаттамасы

P/c№	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодпен белгіленуі	P.SS.16.OPR.010

2	Операцияның атауы	фармацевтикалық инспекторлар тізілімінен алып тастау үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу
3	Орындаушы	Комиссия
4	Орындау шарттары	орындаушы фармацевтикалық инспектор туралы мәліметтерді алып тастау үшін алған кезде орындалады ("Фармацевтикалық инспекторлар тізілімінен алып тастау үшін мәліметтерді ұсыну" (Р. SS.16.OPR.009) операциясы)
5	Шектеулер	ұсынылатын ақпараттың форматы мен құрылымы Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс. Хабар және электрондық құжат (мәлімет) уәкілетті органдар мен Комиссия арасындағы Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентінде көзделген электрондық құжаттың (мәліметтердің) деректемелерін толтыруға қойылатын талаптарға сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы фармацевтикалық инспектор туралы мәліметтерді қабылдайды және оларды уәкілетті органдар мен Комиссия арасындағы Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес тексереді. Тексеруді сәтті орындаған жағдайда орындаушы алып тасталатын мәліметтердің қолданысы аяқталатын күн мен уақытты берілген мәліметтердің құрамында көрсетілген іс-қимылдың аяқталатын күн мен уақыттың мәнімен толтырады, алып тасталатын мәліметтердің жаңартылған күні мен уақытын жаңартады, фармацевтикалық инспектор туралы мәліметтерді фармацевтикалық инспекторлар тізілімінен алып тастау нәтижесі туралы хабарламаны қалыптастырады және уәкілетті органдар мен Комиссия арасындағы Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес мәліметтерді алып тастауға сәйкес

		келетін өңдеу нәтижесі кодының мәнімен уәкілетті органға жібереді
7	Нәтижелері	фармацевтикалық инспектор туралы мәліметтер фармацевтикалық инспекторлар тізілімінен алып тасталды; фармацевтикалық инспектор туралы мәліметтерді алып тастау нәтижесі туралы хабарлама уәкілетті органға жіберілді

19-кесте

"Фармацевтикалық инспекторлар тізілімінен мәліметтерді алып тастау нәтижесі туралы хабарлама алу" операциясының (P.SS.16.OPR.011) сипаттамасы

P/c№	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодпен белгіленуі	P.SS.16.OPR.011
2	Операцияның атауы	фармацевтикалық инспекторлар тізілімінен мәліметтерді алып тастау нәтижесі туралы хабарлама алу
3	Орындаушы	уәкілетті орган
4	Орындау шарттары	орындаушы алып тастау үшін фармацевтикалық инспекторлар тізілімінен мәліметтерді алып тастау нәтижесі туралы хабарлама алған кезде орындалады ("Фармацевтикалық инспекторлар тізілімінен алып тастау үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу" (P.SS.16.OPR.010) операциясы)
5	Шектеулер	хабардың форматы мен құрылымы Электрондық құжаттардың және мәліметтердің форматтары мен құрылымдарының сипаттамасына сәйкес келуге тиіс
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы уәкілетті органдар мен Комиссия арасындағы Ақпараттық өзара іс-қимыл регламентіне сәйкес фармацевтикалық инспектор туралы мәліметтерді алып тастау нәтижесі туралы хабарламаны қабылдауды және өңдеуді жүзеге асырады
7	Нәтижелері	фармацевтикалық инспекторлар тізілімінен фармацевтикалық инспектор туралы мәліметтерді

20-кесте


"Фармацевтикалық инспекторлар тізілімінің жаңартылған мәліметтерін жариялау" операциясының (P.SS.16.OPR.012) сипаттамасы

P/c№	Элементтің белгіленуі	Сипаттамасы
1	2	3
1	Кодпен белгіленуі	P.SS.16.OPR.012
2	Операцияның атауы	фармацевтикалық инспекторлар тізілімінің жаңартылған мәліметтерін жариялау
3	Орындаушы	Комиссия
4	Орындау шарттары	фармацевтикалық инспекторлар тізілімінен фармацевтикалық инспектор туралы мәліметтерді алып тастаған кезде орындалады ("Фармацевтикалық инспекторлар тізілімінен алып тастау үшін мәліметтерді қабылдау және өңдеу " (P. SS.16.OPR.010) операциясы)
5	Шектеулер	—
6	Операцияның сипаттамасы	орындаушы фармацевтикалық инспекторлардың жаңартылған тізілімінің мәліметтерін жариялауды қамтамасыз етеді
7	Нәтижелері	фармацевтикалық инспекторлар тізілімінен фармацевтикалық инспектор туралы жаңартылған мәліметтер Одақтың ақпараттық порталында жарияланды

2. "Уәкілетті органдардың сұрау салуы бойынша фармацевтикалық инспекторлар тізілімінен мәліметтер алу рәсімдері" рәсімдері (P.SS.16.PGR.002)

"Фармацевтикалық инспекторлар тізілімін жаңарту күні мен уақыты туралы ақпарат алу" рәсімі (P. SS.16.PRC.004)

48. "Фармацевтикалық инспекторлар тізілімін жаңарту күні мен уақыты туралы ақпарат алу" рәсмін орындау схемасы (P. SS.16.PRC.004) 7-суретте берілген.



7-сурет. "Фармацевтикалық инспекторлар тізілімін жаңарту күні мен уақыты туралы ақпарат алу" рәсімін орындау схемасы (P.SS.16.PRC.004)

49. "Фармацевтикалық инспекторлар тізілімін жаңарту күні мен уақыты туралы ақпарат алу" рәсімі (P. SS.16.PRC.004) уәкілетті органда сақталатын фармацевтикалық инспекторлар туралы мәліметтердің жай-күйі (соңғы жаңартылған күні мен уақыты) туралы ақпаратты Комиссияда сақталатын фармацевтикалық инспекторлар тізілімінен алынған тиісті ақпаратпен синхрондау қажеттілігін бағалау мақсатында орындалады.

